



14 мамыр, сенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz



www.facebook.com/syrboyi.kz/



www.instagram.com/syrboyi\_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi\_kz

## ● ПРЕЗИДЕНТ

# ҰЛТТЫҚ БАНКТІҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

Ақордада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Ұлттық банктің 2021 жылғы жұмысы туралы есебін тыңдауға арналған кеңес өтті. Жиында Ұлттық банктің төрағасы Ғалымжан Пірматов, Президент Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары Тимур Сүлейменов, Премьер-министрдің орынбасары – Қаржы министрі Ерұлан Жамаубаев, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы Мәдина Әбілқасымова, Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров, сондай-ақ Ұлттық банк төрағасының орынбасарлары қатысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылы жүзеге асырылған ақша-кредит саясатының қорытындылары, инфляцияны тежеу және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету шаралары, бюджет кірісін арттыру, Ұлттық банктің алтынвалюта резерві мен Ұлттық қордағы активтердің жағдайы туралы баяндамаларды тыңдады.

Бұдан бөлек, Президентке депозиттерді доллармен салу деңгейінің 36,0 пайызға дейін төмендегені, мемлекеттік құнды қағаздағы нарықтық инвесторлардың үлесі 69,2 пайызға дейін көбейгені және халықтың қолма-қол ақшасыз төлем жасау операцияларының көлемі 73,1 триллион теңгеге дейін жеткені жөнінде баяндалды. 2021 жылы депозиттер 27,1 триллион теңгеге дейін, соның ішінде теңгемен салынған депозиттер 17,3 триллион теңгеге дейін өсті.

Мемлекет басшысы елімізде қабылданған шаралардың арқасында Қазақстан экономикасының өсімі 2021 жылы 4,1 пайыз болғанын атап өтті. Сонымен қатар инфляцияның өсімі бұрын-соңды болмаған деңгейге көтерілгеніне назар аударып, биылғы төрт айдың қорытындысы бойынша 2016 жылдың қыркүйегінен бері ең шарықтау шегіне, яғни 13,2 пайызға жеткенін айтты. Президент аталған мәселелерді шешу үшін Үкіметтің, Ұлттық банктің және басқа да мемлекеттік органдардың жұмысын күшейту маңызды екеніне тоқталды.

Осы ретте Қасым-Жомарт Тоқаев инфляцияны белгіленген шекті межеге қайтарудың маңызды екенін атап өтті, сондай-ақ Үкіметке Ұлттық банкпен бірлесіп, Инфляция деңгейін бақылау және төмендету жөніндегі



2022-2024 жылдарға арналған кешенді шаралардың толыққанды жүзеге асырылуын қамтамасыз етуді тапсырды.

Мемлекет басшысы Ұлттық қордың жұмысына арнайы тоқталып, пандемия жағдайында және экономикалық ахуал нашарлаған кезде Қор өз міндетін толық орындағанын атап өтті. Президент Ұлттық қордың қаржысын тиімді пайдалану қажеттігіне мән берді.

– Ұлттық қордан жасалған трансферттер 2020 жылы 4,8 триллион теңгені, ал 2021 жылы 4,5 триллион теңгені

құрады. Биыл Үкімет тағы да 4,6 триллион теңге сұратып отыр. Бұл – өте қомақты қаржы. Республикалық бюджет Ұлттық қордың қаражатын пайдалануға сүйенбеуі керек. Трансферттерді біртіндеп азайту қажет, – деді Президент.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаевқа акциялар нарығының өсуіне орай төңірімді аллокацияға көшу жөнінде баяндалды. Бұл соңғы 3 жыл ішінде Қордың кірісін 10,75 миллиард долларға жеткізуге мүмкіндік берді.

Мемлекет басшысы Үкімет-

ке ірі жобаларды нарықтық механизмдер, мемлекеттік-жекеменшік серіктестіктер, қарыз қаражаттары, республикалық бюджет қаржысын қайта бөлу есебінен жүзеге асыру мүмкіндіктерін пысықтауды тапсырды. Атап айтқанда, Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің транзиттік әлеуетін күшейтуге, соның ішінде «Достық-Мойынты» теміржол учаскесі мен басқа да бірқатар мемлекетаралық теміржол дәлізін жаңғыртуға назар аударды.

Сонымен қатар жиында

Ұлттық қордың инвестициялық кірісін арттыру, активтерді тиімді басқару, алтынвалюта резервтерінің өтімділігі мен сақталуын қамтамасыз ету мәселелері қарастырылды.

Кенес барысында Президент төлем төңірімінің тапшылығына қатысты мәселені көтерді және оны біртіндеп азайту қажет екенін атап өтті.

Ұлттық банктің өкілдері ұлттық төлем жүйесін дамыту жұмыстарының нәтижелері туралы да айтты. 2021 жылы Ұлттық төлем жүйесінің Төлем карталарының банкаралық жүйесі мен Жедел төлем жүйесі сияқты компоненттері пилоттық режимде іске қосылған. Сондай-ақ цифрлық теңге платформасының прототипін әзірлеу жұмыстары аяқталған.

Президент жиында қорытындылай келе, Ұлттық банктің жылдық есебін мақұлдады.

– Өлемдегі қазіргідей күрделі кезеңде еліміздің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету өте маңызды. Ұлттық банк Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірлесіп, ақша-несие саясатының тиімділігін арттыруға баса мән беруі қажет және қаржы секторының әлеуетін мақсатты түрде күшейтуі керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

akorda.kz

## ● ТАЛҚЫ

# Референдумның маңыздылығы түсіндірілді

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың ҚР Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізу бойынша жалпыұлттық референдум өткізу бастамасын қолдау жөнінде ақпараттық-түсіндіру жұмыстарымен Мәжіліс депутаттары, республикалық АНТ мүшелері өңірге жұмыс сапарымен келді.

Айнұр БАТТАЛОВА,  
«Сыр бойы»

2-бет

## ● МЕРЕЙ

# Қарымды қаламгерге құрмет

Нұр-Сұлтан қаласындағы Ұлттық академиялық кітапханада Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ҚР Мәдениет қайраткері, қаламгер Қуаныш Жиенбайдың 70 жылдық мерейтойына арналған жиын өтті.

Ғазиза ӘБІЛДА,  
«Сыр бойы»

2-бет

## ● НАЗАР

# Ерге елдің ықыласы

Кеше Жалағаш ауданының Аққұм ауылында тұратын Сәбиттің әкесі Серік Шонтақбаев пен анасы Гүлбаршын Пірімбетоваға облыс әкімінің атынан сый-сияпат көрсетіліп, бағалы сыйлық берілді. Аудан әкімі Асқарбек Есжанов ержүрек азаматты дүниеге әкеліп, өнегелі тәрбие берген ата-анасына ризашылығын білдіріп, облыс әкімінің құрметін жеткізді.

6-бет

## ● ӨЗ ҚАЛАМ – ӨЗ ҮЙІМ

Әр адамның ауа жұтқаны, су ішкені секілді, қалдық, коқыс заттарын шығару мәселесі де – табиғи қажеттілік. Біз кейде мұны мүлде мәселе қатарына қоспай, лақтырып тастай салғанымыз секілді көзқарасқа тірейміз. Бұл өте өрескел қателігіміз. Тазалық – саулықтың та, мәдениеттің де бастауы.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,  
«Сыр бойы»

# Тәртіп пен тазалықтың тіні бір

Бәріміздің ортақ үйіміз Қызылорда – тазалық мәселесін басты міндет санаған қала. Алайда, бұл істің өзіндік түйткілдері де көп.

Осыған орай біз «Қызылорда су жүйесі» МКК басшысының орынбасары Ғабит Оспановпен сұхбат құрған едік.

– Ғабит Манапұлы, соңғы уақытта «Қызылорда тазалығы мекемесі мен «Қызылорда су жүйесінің» бірігіп, бір мекеме

болғаны туралы білдік. Мұның себебі не, тиімділігі қандай?

– Бұл сұрақтың жауабын мына нәрседен бастайын. Негізі қала тазалығымен айналысу мәселесі бәсекелестік қалыптастыратын ортаға жатады деген қағида бар. Біз кейбір аймақтарда іске асырылған осы қағиданың қата нәтижесін көрдік. Бұрын айнадай боп тұрған кейбір қалалар қызылорда аттап жүретін жағдайға жетті.

6-бет



Суреттерді түсірген Н.НУРЖАҒЫЙ

## ● БІЛІМ



# 8 мыңға жуық түлектің үміті сыналатын сәт

ҚР Білім және ғылым министрінің бұйрығына сәйкес мектептер мен колледждердегі оқу жылы – бұрынғыдай, осы жылдың 25 мамырында аяқталады, каникул мерзімі 1 қыркүйекке дейін бекітілген. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте осылай мәлімделді.

Ғазиза ӘБІЛДА,  
«Сыр бойы»

Сонымен 9-сынып білім алушылардың қорытынды бітіру емтихандары 28 мамыр – 6 маусым аралығында өтсе, 11-сынып білім алушыларының мемлекеттік бітіру емтихандары – 27 мамыр – 10 маусым аралығы болып белгіленді. Нақтырақ айтсақ, 28 мамырда қазақ және орыс тілі бойынша ессе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептер үшін жазбаша жұмыс жүргізілсе, математика пәні бойынша жазбаша емтихан 31

мамыр күні өткізіледі. Орыс тілінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан және қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан 3 маусым күні өтсе, тандау пәні бойынша жазбаша емтихан 6 маусым күні өткізіледі деп жоспарланып отыр. Айта кетейік, 9-сыныптың емтихан материалдары басқарма тарапынан әзірленген.

6-бет

## ● БАСПАСӨЗ – 2022



## Құрметті оқырман!

2022 жылдың екінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС қарасты газеттерге жазылу жүргізілуде

«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы:  
жекелер үшін: 6 айға – 3500 теңге.  
мекемелер үшін: 6 айға – 4500 теңге.





## ● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ФЕДЕРАЦИЯНЫҢ  
БАС ХАТШЫСЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қазақстанның үстел теннисі федерациясының бас хатшысы Данил Пакпен кездесті. Басқосуда облыс орталығында халықаралық стандартқа сай үстел теннисі орталығын салу мәселесі талқыланды.

Өңір басшысы аймақта тудың маңыздылығына тоқ-  
бұқаралық спортты дамы-  
талып, спорттық нысандар

мен дене шынықтыру секция-  
ларын көбейту керектігін  
айтты.

Жиын соңында тараптар  
үстел теннисі орталығы  
құрылысын жүргізу бойынша  
пікірлесіп, жұмыс жоспарын  
нақтылады.

Айта кету керек, спорттық  
нысан құрылысына қажетті  
қаражат бюджеттен тыс,  
демеушілер есебінен жүзеге  
аспак. Қазір құрылыс орны  
Сол жағалаудан нақтыланып,  
жоба-сметалық құжаттары  
әзірленуде.

Референдумның  
маңыздылығы  
түсіндірілді

«AMANAT» партиясы депу-  
таттық фракциясының мүшесі  
Ғалым Әміреев Жалағаш ауданы  
Т.Жүргенов ауылында «Ер-Әлі» ЖШС  
жұмысшыларымен жүздесті. Мәжіліс  
депутаты егіншілерге алда келе жатқан  
референдумның маңыздылығына  
тоқталып, оны қолдаудағы ақпараттық-  
насихаттық жұмыстарды таныстырды.

Мемлекетті басқарудың жаңа  
үлгісі пайда болып, елдегі саяси  
ахуалға жаңа леп болатын Консти-  
туциялық референдум жалпы-  
халықтық деңгейде алғаш өткізілмек.  
Бұл – Мемлекет басшысы айтқан  
«Халық үніне құлақ асатын мемлекет»  
тұжырымдамасының жүзеге асуының  
бірден-бір дәлелі.

– Мемлекеттік модельді  
кешенді түрде өзгертуге мүмкіндік  
беретін Конституциялық референдум  
– Әділетті Қазақстан ұстанымының  
бастамасы деуге негіз бар. Ол биліктің  
өкілді тармағын (Парламент, мәслихат)  
айтарлықтай күшейтеді. Жаңартылған  
Заң аясында Президенттің барлық  
саяси күштер мен партиялардан  
дербестігін бекітуі – елдегі саяси  
партиялардың тең дәрежеде бәсекеге  
түсіп, демократиялық үдерісті үдете  
түсетіні сөзсіз, – деді Ғалым Әміреев.

Қазақстан Республикасы Парла-  
менті Мәжілісінің депутаттары, рес-  
публикалық штаб мүшелері Бакытбек  
Смағұл мен Геннадий Шиповских  
Жалағаш кентіндегі Халыққа қызмет  
көрсету орталығында аудан тұрғын-  
дарымен кездесті.

Мажоритарлы сайлау жүйесінің  
енгізілуі – сайлаушылардың респу-  
бликалық ғана емес, жергілікті жердегі  
де мүддесін жіті қорғауға мүмкіндік  
туғызады.

Ал, референдум төңірегіндегі  
маңызды сұрақтарға жан-жақты жауап  
беру үшін, қоғамдық ой-пікірді тал-  
қылап-таразылау мақсатында ҚР  
Парламенті Мәжілісі төрағасының  
орынбасары, «AMANAT» партиясы  
республикалық штабының мүшесі  
Балайым Кесебаева кәсіпкерлермен  
кездесті.

– Мемлекеттің ісін бар-  
лық өлшем бойынша халықтың өзі  
айқындайтын жағдай жасау үшін  
референдум өткізілгені отыр. Бірнеше  
рет Конституция өзгерді, бірақ барлығы  
Парламент арқылы шешіліп келген  
еді. Енді үлкен өзгерістер болуына  
байланысты референдум қажет болып  
отыр. Өйткені Конституцияның  
33-бабына, яғни үштен бір бөлігіне  
өзгеріс енгізілмеуі. Әсіресе, ең  
қағида таты жер, оның қойнауы, оның  
қазыналары халықтың мейімі деген  
концептуалды тың тұжырым жасалып  
отыр. Басқа да үлкен-үлкен мәселелер  
бар. Бастысы «суперпрезиденттік»  
басқару үлгісінен мықты парламентке  
сүйенетін президенттік басқару үлгісі  
енгізілгені отыр, – деді Балайым  
Кесебаева.

Онан бөлек, Балайым Туғанбайқызы  
және облыстық мәслихат хатшысы  
Наурызбай Байқадамов Жаңақорған  
ауданында жергілікті депутаттармен,  
зиялы қауым өкілдерімен кездесті.

– 5 маусым күні жалпыхалықтық  
референдумда Конституциядағы  
98-баптың 33-іне өзгеріс енгізілетін  
болады. Алдағы референдум –  
жекелеген топтарды күшейтуді емес,  
мемлекетімізді жетілдіру, жаңғырту  
және нығайтуды көздейді, – деді  
Балайым Кесебаева.

Онан кейінгі түсіндірме жұмыс-  
тары аудандағы «Шалқия цинк» АҚ  
тау-кен байыту комбинатында, жастар  
ресурстық орталығында жалғасты.

108 консультативтік-кеңесші  
орган таратылды

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен актив отырысында консультативтік-кеңесші органдардың саны қысқарғаны айтылды.

Президент Жарлығымен бюрократия-  
дан арылтудың қағида тартары айқындалып,  
оның ішінде нақты басшының қузыреті  
аясында кіретін шешімдерді қабылдау  
және мәселелерді келісуді алқалы орган-  
дарға беруге жол бермеу мәселесі  
белгіленді.

Аталған тапсырмаға сәйкес облыс  
әкімдігі жанында құрылған консуль-  
тативтік-кеңесші органдарға (кеңес,  
комиссия, жұмысшы топ, штаб және т.б.)  
мониторинг жүргізілді.

Нәтижесінде мерзімі өткен, өз  
маңыздылығын жоғалтқан және жұмыс  
жасау тәртібі нақты белгіленбеген 108  
консультативтік-кеңесші органдар  
анықталып, оларды тарату ұсынылды.

– Облыстық деңгейде құрылған 185  
консультативтік-кеңесші органдардың  
108-ін тарату туралы өкім мен қаулыға қол  
қойдым.

Бұдан былай біз комиссиялар құру-  
да сан қуалап емес, нақты жұмыс істейтін,  
сындарлы шешім қабылдайтын комис-  
сияларға басымдық береміз.

Болашақта мұндай шешімдерді мем-  
лекеттік органның басшылары өздері  
жауапкершілікке алып, тікелей қабылдауы  
тиіс деп есептеймін, – деді облыс әкімі.

Сонымен қатар облыс әкімі жұмыс-  
ты тиімді жолға қою мақсатында бас-  
қармалардың атқаратын функцияларының  
өзара ұқсастығын ескеріп, біріктіру туралы  
шешім қабылданғанын жеткізді.

Жүргізілген онтайландыру реформасы  
ықшамды мемлекеттік аппаратты құруға  
бағытталған және бұл былтырғы жүргізілген  
қысқартудың логикалық жалғасы.

Бұл уақыт қажеттілігіне қарай ікемді  
аппарат құру арқылы мемлекеттік қызметтің  
сапасын арттыруға жасалған қадамның  
бірі.

## ● ТАҒАЙЫНДАУ

МҰСА ҚАЛДАРБЕКОВ – ОБЛЫСТЫҚ КӘСІПКЕРЛІК  
және ӨНЕРКӘСІП БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек  
Нәлібаевтың төрағалығымен  
кадрлық өзгерістерге байла-  
нысты арнайы актив отырысы  
өтті.

Аймақ басшысы жаңадан  
тағайындалған бірқатар бас-  
қарма басшыларын таныс-  
тырып, қызметтеріне сәттілік  
тіледі.

– Өздеріңізге жақсы мәлім,  
біз жергілікті атқарушы  
органдарды онтайландыру  
бойынша бірнеше басқарманы  
біріктіру жұмыстарын атқардық.

Бұл ретте конкурстық, жан-жақты  
іріктеуден өткен, өздерінің кәсіби  
біліктілігі мен тәжірибесін таныта  
білген мамандарды басқармаларға  
тағайындадық. Бүгін де жаңа басшыларды  
таныстырудың реті келіп отыр.

Біздің басты мақсатымыз – ел игілігі,  
халықтың қамы үшін барын салып жұмыс  
істейтін азаматтарды тарту, өңірдің  
әлеуетін арттыру, – деді Н.Нәлібаев.

Актив отырысында Қалдарбеков Мұса  
Оспанұлы Қызылорда облысының кәсіп-  
керлік және өнеркәсіп басқармасының  
басшысы лауазымына тағайындалды.



Мұса Оспанұлы тәжірибелі  
маман, жауапты салаларда бас-  
шылық қызмет атқарған, әлеуеті  
жоғары кадр. Ол 1972 жылы  
Қызылорда облысында дүниеге  
келген. Алматы технологиялық  
институтын инженер-механик,  
экономист мамандықтары  
бойынша бітірген.

Еңбек жолын Кентау тігін  
фабрикасының слесарі ретінде  
бастап, Алматы қаласындағы  
«Кереге» кәсіпорнында бас-  
шылық қызмет атқарған.

Әр жылдары Алматы қаласының  
Әуезов, Жетісу және Алатау аудан-  
дарының салық комитетінде жауапты  
қызметтер атқарды.

Салық саласының майталманы  
ретінде әр жылдары Қаржы министрлігі  
Мемлекеттік кірістер комитетінің  
Батыс Қазақстан, Қызылорда, Жамбыл  
облыстары бойынша департаменті бас-  
шысының орынбасары болды.

2019-2021 жылдары Қармақшы  
ауданының әкімі, 2021 жылдан бері  
Қызылорда облысының жұмылдыру  
дайындығы басқармасының басшысы  
қызметін атқарып келді.

БАУЫРЖАН ШӘМЕНОВ – ОБЛЫСТЫҚ БАҚЫЛАУ  
жөніндегі БАСҚАРМА БАСШЫСЫ

Кадрлық өзгерістерге бай-  
ланысты өткен арнайы актив  
отырысында облыс әкімі  
Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда  
облысының бақылау жөніндегі  
басқармасының жаңа басшысы  
Шәменов Бауыржан Серікұлын  
таныстырды.

Бауыржан Шәменов 1981  
жылы Қызылорда облысында  
дүниеге келген. Қазақ гума-  
нитарлық заң университеті мен  
Құқық және нарық академиясын  
бітірген.

Еңбек жолын «Рух» заң ком-  
паниясының заңгері ретінде бастаған.  
Әр жылдары облыстық қазынашылық  
департаменті мен Мемлекеттік қызмет  
істері агенттігінің облыс бойынша  
басқармасында жауапты қызметтер  
атқарған.

2008-2013 жылдары облыс әкімі  
аппаратының мемлекеттік-құқықтық  
жұмыстар бөлімінің басшысы болған.

6 жылдан астам облыстық табиғи  
ресурстар және табиғат пайдалануды  
реттеу басқармасы басшысының  
орынбасары 2019 жылдан бастап осы



аталған басқарманың бас-  
шысы болып қызмет атқарды.  
Облыс әкімі жаңадан  
тағайындалған басқарма бас-  
шысының қызметіне сәттілік  
тілеп, жауапты қызметте  
абырой тіледі.

– Қазіргі кезде түрлі  
секторларда әлеуметтік  
мәселелерді желеу етіп,  
мәселелерді тек митинг  
немесе рұқсат етілмеген  
жиындарда шешкісі  
келетіндер көбейді. Басты

себеп заңмен реттелетін нормаларды  
дұрыс түсіндірмеуден немесе жұмысшы  
қауымның ұсыныстарына дер кезінде мән  
бермеудің салдары түрлі дау-дамайларды  
туындатты.

Өңірде орын алған еңбек қаты-  
настарындағы дауларды, аймақтың  
айшықты келбетін келтіретін сәулет-  
құрылыстардың сапасына байланысты  
мәселелерді орнықты түрде шешуде  
Бауыржан Серікұлы заңгерлік білімі  
мен тәжірибесін, іскерлік ұстанымын іс  
жүзінде жоғары деңгейде көрсететініне  
сенімдімін, – деді облыс әкімі.

Қарымды  
қаламгерге  
құрмет

Жиынға ҚР Президентінің  
кеңесшісі Бауыржан Омаров  
қатысып, жазушыға ҚР  
Мемлекеттік хатшысы Ерлан  
Карин мен Мәдениет және  
спорт министрі Дәурен  
Абаевтың құттықтауын жет-  
кізді. Сондай-ақ, Қуаныш  
Жиенбайға Сыр елінің  
мәдени-рухани дамуына  
қосқан ерекше үлесі үшін «Қы-  
зылорда облысының Құрмет  
грамотасы» табысталды.

Іс-шараға «Сыр медиа»  
ЖШС бас директоры  
Аманжол Оңғарбаев арнайы  
барып қатысты.

– Жалпы, кез келген қалам-  
гердің ыңғайына келетін,  
қолайына жағатын таусылмас  
тақырыбы болады. Айдынды  
Аралдың жағасында дүние  
есігін ашып, жал-жал тол-  
қындармен армансыз алысып  
өскен жазушы Қуаныш  
Жиенбайдың шығарма-  
ларына көк теңіздің бол-  
мысы, жағалауды мекен  
еткен ағайынның ахуалы  
арқау болды. Көзін ашқанда  
көріп-білгені балықшылар  
ауылының тұрмыс-тіршілігі  
болған соң, ол бұл тақырыптың  
ұңғыл-шұңғылын аса жетік  
біледі. Жазушының осы  
уақытқа дейін жарық көрген  
кітаптарын тұтастай алғанда,  
Арал өңірінің көркем сөзбен  
жазылған әдеби энцикло-  
педиясы деуге болар.

Арал аймағы – Теңіз  
тағдыры – Байқоңыр бекеті.  
Осы үйлесімді ұштаған –  
жазушы шығармашылығының  
айнымас арнасы, бұлжымас  
бағдары. Соның бәрі оның  
қаламгерлік келбетін,  
тақырыптық танымын, өмірлік  
ұстанымын қалыптастырды.  
Бұл саланың қыр-сырын  
әдебиет өрісі арқылы дәл  
Қуаныш Жиенбайдай игерген  
жазушы некен-саяқ. Ол осы  
өңірдің кешегісі, бүгінгі және  
болашағы туралы көркем  
сөздің бесігіне бөленген  
Арал философиясын әдеби  
айналымға қосты.

Жағалаудан

баяғыда

1-бет

ЖАНОС ЕРКІНБЕК – ОБЛЫС ӘКІМІ  
АППАРАТЫ БАСШЫСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ

Сондай-ақ, актив  
отырысында Қызылорда  
облысының әкімі ап-  
параты басшысының  
орынбасары қызметіне  
Жандос Еркінбек таға-  
йындалды.

Жандос Еркінбек  
1983 жылы Қызылорда  
қаласында дүниеге кел-  
ген.

Ұлттық қауіпсіздік  
комитетінің Әскери инсти-  
тутының, Қазақ гумани-  
тарлық заң университетін бітірген.

Еңбек жолын Алматы облысын-  
дағы Отар әскери бөлімінде әскери  
қызметші болып бастаған.

Әр жылдары әскери қыз-  
метте және стратегиялық нысан-  
дардың қауіпсіздігін қамтамасыз  
ету саласында жауапты қызметтер  
атқарды.



2019-2021 жыл-  
дары облыстық жу-  
мылдыру дайындығы  
басқармасының бөлім  
басшысы, 2021 жылдан  
осы кезге дейін  
Қармақшы ауданы  
әкімінің орынбасары  
қызметін атқарып  
келді.

Жандос Еркінбек  
жастайынан әскери  
қызметте шыңдалған,  
қызметте мол тәжірибе  
жинаған, кәсіби іскер маман.

Облыс әкімі аппараты бас-  
шысының орынбасары ретінде  
қайта ұйымдастырылған жұмыл-  
дыру, аумақтық қорғаныс бөлім-  
деріне жетекшілік жасайтын болады.  
Өңір басшысы Еркінбек Жан-  
достың қызметіне сәттілік тіледі.

АЙДОС ДӘРІБАЕВ – ОБЛЫСТЫҚ  
ЭНЕРГЕТИКА және ТҰРҒЫН ҮЙ-  
КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚ  
БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ

Қызылорда облы-  
сының энергетика және  
тұрғын үй-коммуналдық  
шаруашылық басқар-  
масының басшысы қыз-  
метіне Дәрібаев Айдо-  
с Нағымдинұлы таға-  
йындалды.

Айдос Нағымдинұлы  
1987 жылы Қызылорда  
қаласында дүниеге  
келген. Алматы эне-  
ргетика және байланыс  
институтын, Ресей халық  
шаруашылығы және мемлекеттік  
қызмет академиясын, Қорқыт ата  
атындағы Қызылорда мемлекеттік  
университетін бітірген.

Еңбек жолын «KEGOC»  
(KEGOK) акционерлік қоғамының  
инженері болып бастаған.

Әр жылдары Қызылорда  
электр тарату тораптары ком-  
паниясының Сырдария, Қазалы  
аудандық, Қызылорда қалалық  
электр тораптарының директоры  
қызметтерін атқарды.

2014-2018 жылдары Еур-  
азиялық экономикалық комис-



Энергетика де-  
партаментінің  
консультанты, Алматы,  
Қызылорда электр  
тарату тораптары  
компаниясының бас-  
қарма төрағасының  
орынбасары, бірінші  
орынбасары лауазым-  
дарын атқарды. Эне-  
ргетика министрлігі  
Электр энергетикасын  
дамыту департамен-  
тінің директоры ретін-  
ше жұмыс жасады.

Аймақ басшысы жаңа қызметке  
кіріскен Айдос Дәрібаевқа сенім  
білдіріп, қызметіне сәттілік тіледі.

– Айдос Нағымдинұлы жас  
та болса, іскерлігімен танылып,  
білікті маман ретінде өзін дә-  
лелдеген азамат. Энергетика сала-  
сының барлық сатысынан өткен,  
орталық деңгейде жұмыс жасаған  
тәжірибесін ескере келе, осы  
саланың жандануына күш салып,  
алған білімі мен жиган тәжірибесін  
тиімді пайдаланады деген се-  
німдеміз, – деді облыс әкімі.



# Конституцияға енгізілетін түзетулер бойынша бағыт-бағдар

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ата Заңға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар жобасы бойынша биылғы 5 маусымда республикалық референдум өткізу туралы Жарлыққа қол қойды.

**Ерлан ҚАРИН,**  
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы

Конституциялық реформа – Президенттің наурыз айындағы Қазақстан халқына Жолдауында айтылған саяси реформалар бағдарламасын жүзеге асыру үшін қолға алынған маңызды іс-шара.

Конституциялық түзетулер жобасы азаматтардың сұранысына негізделген және бүкіл қоғамның мүддесі үшін жүзеге асырылмақ. Ата Заңға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар жобасын белгілі заңгер-құқықтанушылар және конституциялық құқық саласының мамандары әзірледі. Оған Конституциялық Кеңес оң бағасын берді.

Конституцияға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың бәрі өзара байланысты және бір мақсатты көздейді. Атап айтқанда, мынадай үлдерістерге құқықтық негіз қалыптастыруға арналған:

1. Суперпрезиденттік басқару үлгісінен президенттік республикаға түбегейлі көшу;
  2. Бірқатар билік өкілеттігін қайта бөлу;
  3. Парламенттің рөлін күшейтіп, мәртебесін арттыру;
  4. Елді басқару ісіне халықтың қатысу мүмкіндігін кеңейту;
  5. Азаматтардың құқықтарын қорғау тәсілдерін жетілдіру.
- «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы республикалық баспасөзде 6 мамыр күні ресми түрде жарияланды.
- Конституцияның қазіргі және жаңа нұсқаларының айырмашылығын түсіну, ұсынылып отырған көптеген түзетудің байыбына бару мұндай істен хабары аз адам үшін қиындық туғызатыны анық.

Сондықтан жұртқа ұғынықты болу үшін бұл түзетулер Ата Заңның нақты баптары мен тармақтары көрсетілген бірнеше бөлікке бөлінген.

## Суперпрезиденттік басқару үлгісінен президенттік республикаға түбегейлі көшу

Конституциялық реформа билік тармақтары арасындағы қарым-қатынастың тепе-теңдігін және онтайлы болуын қалыптастырады. Сондай-ақ президенттік институттың барынша дербес болуын қамтамасыз етеді.

Ата Заңымыздың 43-бабына 3-тармақ қосылады. Онда Қазақстан Республикасының Президенті өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде саяси партияда болмауға тиіс деп көрсетіледі. Осы логикаға сәйкес Конституциялық Соттың, Жоғарғы Соттың және өзге де соттардың төрағалары мен судьяларына, Орталық сайлау комиссиясының, Жоғары аудиторлық палатасының төрағалары мен мүшелеріне де осындай тыйым салынады (Конституцияның 23-бабы 2-тармағының жаңа редакциясы). Соның нәтижесінде саяси бәсеке артып, барлық саяси партияның дамытуға бірдей жағдай қалыптасады, дербес әрі әділ шешім қабылдауға жол ашылады.

Мемлекет басшысы барлық азаматқа тең мүмкіндік берілуінің мызғымас кепілі болуға тиіс. Сол себепті Конституцияның 43-бабына 4-тармақ қосылады. Онда «Президенттің жақын туыстары мемлекеттік саяси қызметшілердің, квазимемлекеттік сектор субъектілері басшыларының қызметтерін атқаруға қажысы жоқ» деп көрсетіледі.

Жұмыс тобы мүшелерінің ұсынысы бойынша Тұңғыш Президенттің Президент лауазымына қатырған екі реттен көп сайлануына мүмкіндік беретін баптың (Конституцияның 42-бабы 5-тармағының жаңа редакциясы), сондай-ақ Тұңғыш Президенттің мәртебесі мен өкілеттіктері Конституциямен және конституциялық заңмен айқындалатыны туралы 46-баптың 4-тармағы Ата Заңнан алынып тасталмақ.

Конституцияның 91-бабынан Тұңғыш Президенттің тәуелсіз Қазақстанның негізін салушы деген мәртебесі туралы норма алынып тасталады (Конституцияның 91-бабы 2-тармағының жаңа редакциясы).

Конституциялық реформаның нәтижесінде тиісті аумақтағы ахуалға жауапты жергілікті өкілдік және атқарушы органдардың жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару өкілеттіктері кеңейді.

Жобада Президенттің облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана әкімдері

актілерінің күшін жоюыны не қолданылуын толық немесе ішінара тоқтата тұратыны туралы құзыретін жою көзделген (Конституцияның 44-бабы 3) тармақшасының жаңа редакциясы).

Сондай-ақ Президенттің аудан, қала, ауылдық округ әкімдерін лауазымынан босату туралы құзыретін алып тастау көзделген (Конституцияның 87-бабы 4-тармағының жаңа редакциясы).



Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана әкімдерінің құзыретке ие болу тәртібі де едәуір өзгереді.

Конституцияның 87-бабы 4-тармағының жаңа редакциясына сәйкес енді оларды Президент облыс аумағында орналасқан мәслихат депутаттарының немесе республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихат депутаттарының келісімімен тағайындайды.

Бұл ретте Мемлекет басшысы кемінде екі кандидатура ұсынып, дауысқа салады. Дауыс беруге қатысқан депутаттардың көпшілігінің дауысына ие болған кандидат келісім алған болып саналады.

Осылайша, жергілікті билікке қатысты Президенттің өкілеттігі азайып, ол мәслихаттардың рөлін айтарлықтай арттыру арқылы өңірлік деңгейдегі әкімдердің қолына жинақталады.

## Бірқатар билік өкілеттігін қайта бөлу

Сенаттағы Президент квотасының саны 15-тен 10 депутатқа дейін азаяды. Оның бесеуін Қазақстан халқы Ассамблеясы ұсынады (Конституцияның 50-бабы 2-тармағының жаңа редакциясы).

Сенаттың өкілеттігі бірқатар құқықтармен толығыды. Атап айтқанда, Сенат Президент енгізетін Конституциялық Соттың және Жоғары Сот Кеңесінің төрағалары лауазымына кандидаттарды келісу құқығына ие болады (Конституцияның 44-бабы 4) тармақшасының, 55-бабы 2) тармақшасының және 82-бабы 4-тармағының жаңа редакциясы).

Жалпы, Конституциялық Сот (қазіргі Конституциялық Кеңестің орнына) құру арқылы конституциялық бақылау жасау институты жаңғыртылады.

Конституциялық Сот 11 судьядан тұрады (қазіргі Конституциялық Кеңестің 7 мүшесі бар).

Конституциялық Соттың құрамы мынадай тәсілмен жасақталады: 6 судьяны Парламент (Мәжіліс пен Сенаттың әрқайсысы 3 судьядан), 4 судьяны Президент тағайындайды. Конституциялық Соттың төрағасын жоғарыда айтылғандай Сенаттың келісімімен Президент тағайындайды (Конституцияның 57-бабы 1) тармақшасының, 58-бабы 3-тармағы 7-тармақшасының және 71-бабының жаңа редакциясы).

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Жоғары аудиторлық палата болып өзгереді. Оның төрағасы жылына екі рет Мәжіліс депутаттарының алдында есеп береді (Конституцияның 53-бабы 2) тармақшасының жаңа редакциясы, 56-

бабы 1-тармағындағы 3-1) жаңа тармақшасы).

«Мемлекеттік хатшы» институты «Мемлекеттік кеңесші» институты болып өзгереді (Конституцияның 44-бабы 19-тармақшасының жаңа редакциясы). Ол Мемлекет басшысына ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеумен айналысады.

## Парламенттің рөлін күшейтіп, мәртебесін арттыру

Конституциялық реформаның нәтижесінде биліктің заң шығарушы тармағы айтарлықтай өзгереді. Соның арқасында Парламенттің және оның палаталарының рөлі едәуір күшейіп, мәртебесі артады.

Жоғарыда айтып өткес

(Конституцияның 53-бабының жаңа редакциясы).

Айрықша қажеттілік туындаса, заңдарды жедел қабылдау тәртібі енгізіледі. Халықтың өмірі мен денсаулығына, конституциялық құрылысқа, қоғамдық тәртіпті сақтауға, елдің экономикалық қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайларға жедел ден қою мақсатында Үкіметтің заң шығару бастамасы арқылы енгізілетін заң жобалары Парламент Палаталарының бірлескен отырысында шұғыл қаралады. Бұл заң жобаларын қарау кезінде Үкімет заң күші бар уақытша құқықтық-нормативтік актілер қабылдай алады (Конституцияның 61-бабы 2 және 3-тармақтарын толықтыру).

Бұл тәсіл елге төнген қауіп-қатердің бетін қайтару үшін билік тармақтарының бірлескен әрі шұғыл жұмысын үйлестіруге қажет. Оны қалыпты, күнделікті жұмыс барысында қолдануға болмайды. Бұл үдеріс Парламент депутаттары мен Үкімет мүшелерінің өзара жауапкершілікке негізделген қарым-қатынасы арқылы іске асады.

## Елді басқару ісіне халықтың қатысу мүмкіндігін кеңейту

Негізгі Заңда жер және жер қойнауы, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі екені жайындағы норма нақты және кесімді түрде бекітілген. Меншік құқығын халықтың атынан мемлекет жүзеге асырады (Конституцияның 1-бабы 2-тармағының жаңа редакциясы).

Жоғарыда айтылғандай, Мәжіліс депутаттарын аралас сайлау жүйесімен: біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағында пропорционалды жүйе бойынша, сондай-ақ бір мандатты аумақтық сайлау округтері бойынша сайлау ұсынылады (Конституцияның 50-бабы 3-тармағының және 51-бабы 1-тармағының жаңа редакциясы). Сондай-ақ бір мандатты аумақтық сайлау округі бойынша сайланған Мәжіліс депутаттарының мандатын кері қайтарып алу мүмкіндігі пайда болады (Конституцияның 52-бабы 5-тармағының жаңа редакциясы).

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін Президент өңірдің (қаланың) мәслихаттарының барлық депутаттың келісімімен және баламалы негізде (кемінде екі кандидатура ұсынылады) тағайындайтын болады (Конституцияның 87-бабы 4-тармағының жаңа редакциясы). Осылайша, белгілі бір өңірдің дамуына жауапты жергілікті өкілді және атқарушы органдар жүзеге асыратын мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқару ісіне берілетін кепілдік нығая түседі.

## Азаматтардың құқықтарын қорғау тәсілдерін жетілдіру

Жоғарыда баяндағанымыздай, Конституциялық Кеңес Конституциялық Сот болып қайта құрылады. Конституциялық Сот азаматтардың өтініштері бойынша олардың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына тікелей қатысты Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің Республика Конституциясына сәйкестігін қарайтын болады (Конституцияның 71-74-баптарының жаңа редакциясы).

Әлім жазасын жою туралы шешім конституциялық деңгейде түпкілікті бекітіледі (Конституцияның 15-бабы 2-тармағының жаңа редакциясы).

Прокуратураның құзыреті, оның жасақталуы мен қызмет тәртібі Конституциялық заңмен белгіленеді (Конституцияның 83-бабы 4-тармағының жаңа редакциясы). Бұл құқық қорғау қызметінің жүйелі жұмыс істеуін және заңда белгіленген тәртіпке сәйкес мемлекет атынан Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуын қадағалауды күшейтуге тиіс.

Конституцияның жаңа 83-1-бабының нормалары Адам құқықтары жөніндегі уәкілге иммунитет береді. Ол азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғау кезінде қандай да бір өзге мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғаларға тәуелді болмайды, ешкімге есеп бермейді. Ол өз жұмысында Конституциялық Сотқа жүгіне алады. Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің құқықтық мәртебесі мен қызметін ұйымдастыру Конституциялық заң арқылы айқындалады.

Осылайша, конституциялық реформа азаматтардың елді басқару ісіне қатысу мүмкіндігін арттырады және саяси үдерістерді шын мәнінде демократияландырады деп толық сеніммен айта аламыз.

## «МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ»

Биыл сегізінші мәрте өткізілгелі отырған мерейлі шараға қатысуға ниет білдірушілер жылдан жылға артып келеді.

**Шынар БЕКБАН,**  
«Сыр бойы»

# Ұлттық конкурсы басталды

Облыстық әйелдер істері және отбасылық демографиялық саясат жөніндегі комиссия хатшысы Қаламқас Каримова өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте адамгершілік құндылықты жаңғыртып қана қоймай, отбасы мәртебесін арттыруға бағытталған ұлттық конкурстың маңыздылығын атап өтті.

– Жылдағы дәстүрмен биыл да «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсын бастағалы отырмыз. Бұл жобаға көпшілік үлкен қызығушылықпен қатысып жүргенін көріп отырмыз. Облыста 150 мыңға жуық отбасы бар. Оның 47 мыңнан астамы көпбалалы отбасы. Отбасы күні қарсаңында бірқатар шаралар атқарылмақ. Ең маңыздысы

– «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы. Байқауға өткен жылы қала және аудандардан барлығы 182 отбасы қатысқан болатын. Биыл 200-ден аса отбасы өтініш білдіреді деген үміттеміз, – деді Қ.Каримова.

«Мерейлі отбасы» байқауы үш кезеңнен тұрады: бірінші кезең – аудандық (қалалық), екінші кезең – облыстық, үшінші кезең – республикалық. Байқаудың алғашқы кезеңі бойынша құжат қабылдау 15 маусымға дейін жалғасады. Айта кетейік, соңғы 3 жылда сырбойылық отбасылар республикалық кезеңнің жеңімпазы атанды. Бытыр байқаудың бас жүлдесін Шиелі ауданының Әбілдішевтар әулеті иеленді.

# Әлеуметтік жобалар қолдау таппақ

«Самұрық-Қазына» АҚ Сыр елінде де көптеген әлеуметтік жобаларды үйлестірді. Солардың бірі – облыстық көпбейінді балалар ауруханасында орналасқан «Қамқорлық» оналту орталығы. Аталған ұйымның қоғаммен байланыс және өзгерістерді басқару жөніндегі басқарушы директоры Ғибрат Ауғанов пен «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорының бас директоры Альфия Адиева және «Қамқорлық қоры» корпоративтік қорының директоры Арайлым Еркінова, облыстық мәслихат депутаты Аида Әбибуллаева орталық жұмысымен танысты.

**Гүлбану МАҚАЖАН,**  
«Сыр бойы»



Статистика бойынша облыста 18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар 5000-нан астам бала бар. Олардың көпшілігі тұрақты оналту көмегін қажет етеді. «Қамқорлық» оналту орталығының жұмысымен көпбейінді балалар ауруханасының бас дәрігері Зоя Рахатқызы таныстырды. Орталық өз жұмысын үстіміздегі жылдың қаңтар айында бастаған. Бүгінде мұнда нейро-ортопедиялық кінәраты бар 400-ден астам бала тегін оналтудан өткен. Ұлыбритания, АҚШ, Германия, Австрия, Италия, Қазақстан және Ресейдің алдыңғы қатарлы оналту жабдықтарымен қамтылған. Жобаның бас серіктесі «Самұрық-Қазына» АҚ және әлеуметтік серіктес «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры жабдықтауды қаржыландырған. Орталық ерекше балаларды оналтудың жүйелі және кешенді тәсілін көздейтін халықаралық модель бойынша жұмыс істейді. Әрбір бала мен ата-ана қол жеткізгісі келетін мақсаттарына сәйкес оналтудың жеке жоспары жасалады. Мақсатқа жету үшін әртүрлі бейнге оқытылған неврологтар, реабилитологтар, емдік-дене шынықтыру нұсқаушылары, психологтар, логопедтер, еңбек және эрготерапевтер, дефектологтар жұмыс істеп жүр. Күнделікті балаларды оналту бағытында емдік-дене шынықтыру залы, педагогтар мен психологтардың кабинеттері, механотерапия залы, сенсорлық бөлме, бальнеотерапия кабинеті, бассейні және саяхатты-кондуктивтік терапия бар. Кондуктивтік емнің соңында қалыптасқан игі дәстүрге сай осында ұзақ күткен алғашқы қадамын жасаған Бекзат Ғалымжанұлы есімді бүлдіршін тұсауын Ғибрат Ауғанов кесіп, батасын берді.

– «Самұрық-Қазына» АҚ өз қызметінде қоғам алдындағы әлеуметтік жауапкершілікті басты назарда ұстайды. Мәселен, кор компанияларының атынан әрекет ететін «Samruk-Kazyna Trust» корпоративтік қоры өткен жылы жалпы сомасы 7 млрд теңгеден астам қаржыға 32 әлеуметтік жобаны іске асырды. Тиісті көмек арқылы біз жарты миллионға жуық адамды қамтыдық. Әлеуметтік жобаларды қолдау қалғасын таба бермек, – деді ол.

Жобаның тағы бір серіктесі – «Қамқорлық қоры» корпоративтік қоры.

– Жоба еліміздің ірі қалалары мен облыс орталықтары

ғана емес, сондай-ақ шалғай ауылдарды да қамтып, бұл балаларды жақын жерден тиімді оналтумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Барлық оналту орталықтарының жабдықтауын қаржыландырған «Самұрық-Қазына» АҚ жобаны іске асыруда сенімді серіктесіміз болып отыр. Бұл қымбат және ең бастысы тиімді құрылғылардың кейбірі Қазақстанда тек осы орталықта бар, – деді Арайлым Еркінова.

Оналту орталығында физикалық немесе психикалық жағдайына қарамастан барлық азаматтар үшін тең жағдай мен мүмкіндік жасау мақсат етілген. Бұған дейін «Samruk-Kazyna Trust» қорының қолдауымен дәл осындай 15 оналту орталығы еліміздің басқа қалаларында ашылған.

Мұнан соң олар Жастар ресурстық орталығында және «Достық үйінде» белсенді жастармен, үкіметтік емес ұйым жетекшілерімен кездесті. Кездесуде бас директор Альфия Адиева жобалармен таныстырды. Бұл кездесу жергілікті ҰЕҰ-ларды ынтымақтастыққа тарту мақсатында ұйымдастырылған. Жергілікті жердегі әлеуметтік мәселелерді шешуге арналған өз жобаларын ұсыныса, қор мазмұнды жобаларды қолдауға әзір екендіктерін жеткізді.

– Біз бұл кездесуді аймақтық үкіметтік емес ұйымдарды жаңа әлеуметтік жобаларды ұсынуға ынтыластыру үшін өткізіп отырмыз. Осылайша еліміздің ең шалғай жерлеріндегі адамдардың өмірін жақсартуға болатын идеялар күтемсі. Бұл тұста қорымыз азаматтық секторы шағын бастамаларының ауқымын кеңейтуге шабыттандыруға күш салмақ. Мысалы, шағын қаланың бастамалары бүкіл облыс, тіпті бүкіл ел үшін игілікті болуы мүмкін. Осылайша Қызылорда облысының белсенді ҰЕҰ-дарын ынтымақтастыққа шақырамыз, – деді А.Адиева.

Кездесуге қатысқан ҰЕҰ өкілдері өздерінде бар жобалар туралы айтып, қордың қызметі мен жобаларына қызығушылық танытты. «Samruk-Kazyna Trust» қоры «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобы жылдар бойы Қызылорда облысының дамуына үлес қосып келеді. Мәселен, 2017-2021 жылдар аралығында, өңірде жалпы сомасы 957 млн теңгеге 11 әлеуметтік жоба іске асырылған. Әлеуметтің әлеуетін арттырар жобалар алдағы уақытта да қаржылай қолдау таппақ.



[illegible]



# ӨНЕГЕМЕН ӨРІЛГЕН ӨМІР

Халқымыздың ғасырлар бойында қалыптастырып, келешек өмірінің жалғасы боларлық ұрпағына ұсынар тәлім-тәрбиелік салт-дәстүрінің бірі – үлкенді сыйлау, құрметтеу, соның жақсы қасиеттерін бойына дарыту. Бірақ, үлкеннің де үлкені бар, солардың ішінен келешек азамат болуға бой ұрған жас адамның өзіне етене жақын тұтар, оның әр әрекетін, әр сөзін, әр қасиетін бойтұмардай көкірегіне сақтап, өзінің бар тұмырына арқау етіп жүретін бірегейлері болады.



Менің де адамдық, азаматтық өсу жолымда әсері көп болған біраз үлкен кісілердің, елге еңбегімен еленип, халыққа бар күш-жігерімен қызмет еткен азаматтардың, ұстаздарымның ішінде бір атадан туған екі тұлғаны – Нұрлыбек Ерназарұлы Жүнісов пен Алтынбек Ерназарұлы Ерназаровты арнайы бөліп атай аламын және мұны өзімнің шәкірттік, өздерін өмір бойы құрмет тұттып келе жатқан інілік парызым деп есептеймін. Ендігі әңгіме 80 деген межелі жасқа толғалы отырған, жан-жағына нұрын шапып, үлкенге де, кішіге де құрметі мен ілтипатын аямайтын, таңдаған мамандығы мен оқытып жүрген шәкірттерін барынша сүйе білетін ағамыз, ұстазымыз Алтынбек Ерназарұлы туралы болмақ.

Жалпы адам турасында сөз айту үшін алдымен оның тегіне көз жүгіртетініміз бар. Сыр бойының «тұмысынан озық ойлы, замана ағымын, қоғам қозғалысын жіті танып, көзкеңділікпен көре білген көзқарасты, таудай талантты ұлдарының бірі – кешегі өткен Ерназар Жүнісұлы еді» деп келетін көзкөргендердің сөзіндей Ерназар ақсақал – осы менің кейіпкерімнің әкесі. Кезінде Өзбекстандағы Көкпіташ медресесінде оқыған, сонда жүріп әйгілі Омық мақсыммен танысып дос болған атамыз елге келген соң, Кенес үкіметі кезінде өз бетінше латын әліпбиімен сауаттанып, соның арқасында Қызылордадағы педучилищені бітірген. 1917 жылдан 1952 жылға дейін мектепте ұстаздық қызмет атқарып «Қызыл мұғалім» атанған Ерназар атаның балалары да әкеден асып қайда барсын.

Алтынбек – Ерназар ата мен Ақшабақ ананың бауырынан тараған 8 перзенттің, соның ішінде 6 ұлдың бірі екен. Ол жағын 1980 жылдардың басында Нұрекен деканы болып қызмет атқаратын «Филология-педагогика» факультетінің «Бастауыш білім берудің педагогикасы мен әдістемесі» кафедрасына оқытушылыққа ауысып қызмет атқарған кезде біліп алғанмын. Әйтсе де, Алтекемен 1984 жылға дейін жақын танысып араласудың реті келмеді. Ағамыздың өмірі туралы қызметтес болғаннан кейін ғана өз аузынан естіп қанықтым.

Алтынбек Ерназарұлы 1942 жылдың 14 мамырында Сырдария ауданына қарасты «Комсомол» кеңшарының «Колос» бөлімшесінде жоғарыда аталған өнегелі де өрелі отбасында дүниеге келіпті. 1949 жылы Шайкөл ортада мектебінің бастауыш сыныбын, 1959 жылы №171 Ғ.Мұратбаев атындағы казак орта мектебін бітірген. Осы жылы Н.Гоголь атындағы Қызылорда педагогтік институтына түсіп, оны 1964 жылы «Орта мектептің биология және ауыл шаруашылығы негіздерінің мұғалімі» мамандығы бойынша жақсы бітіріп шығады.

Отан алдындағы әскери борышын өтеп келген соң, аймақтық агрохимиялық зертханаға агроинструктор, агрохимиялық зерттеушілер тобының жетекшісі болып тағайындалады. Осы кезден басталған алғашқы ғылыми ізденістер жас маманның ғылымға деген құлшынысын тудырып, ғылым қиясына қанат қағуға ұмтылдырады. Сөйтіп 1967 жылдың желтоқсанында өзі бітірген пединституттың «Химия» кафедрасына стажер-зерттеуші болып орналасады. Мұндағы мақсаты ғылыммен түпкілікті айналысу болады да, 1970 жылы С.Киров атындағы (қазіргі әл Фараби атындағы) Қазақ мемлекеттік университетінің аспирантурасына оқуға түседі.

Аспирантурада Қызылорда облысы үшін аса маңызды «Күрші дақылдың пісіп жетілу кезіндегі белок пен көмірсутектердің жиналу процесі» тақырыбындағы зерттеу жұмысын бастайды. Бұл аймақта өсірілетін негізгі ауыл шаруашылығы дақылы – күршінің сапасы мен өнімділігін арттыру жолдарын тәжірибеге енгізуге мүмкіндік беретін алғашқы ғылыми ізденістердің бірі еді. Алтекең 1973 жылы аспирантураны біті-

ріп, тынымсыз ізденістердің нәтижесін қорытындылай келе, аталған тақырыптағы кандидаттық диссертациясын абыроймен қорғап шығады.

Аспирантураны бітірген жылы білікті маман ретінде бұрынғы жұмысына қайта оралып, пединституттың «Химия» кафедрасында оқытушылық қызметін жалғастырды. Жас ғалым 1979 жылы «Зоология» кафедрасындағы аға оқытушылық бос орынға конкурспен ауысады да, осында жүріп өзінің ғылыми-оқытушылық қызметінің ауқымын педагогика, экология, табиғаттануды оқыту әдістемесі салаларындағы зерттеулерімен байытып, сол бағытта көптеген мақалалар мен оқу-әдістемелік құралдар шығарады. Осындай тынымсыз еңбек нәтижесінде доцент ғылыми атағын иеленеді.

Алтынбек Ерназарұлы үшін ұстаздық өміріндегі жауапты да елеулі кезең «Филология-педагогика» факультетіне алғашқыда деканатын орынбасары қызметіне келіп, кейін 1984 жылы декан болып сайланған кезден басталады. Менің де Алтекемен толығырақ танысып, ағалы-інілі болып араласуым осы кезден басталды. Ағамыздың бұдан кейінгі өмір жолы көз алдымда өтті десем болады.

1984 жылы үлкен жүректі асыл азамат, көп жыл факультет басқарып жастардың қамқоршысына айналған ұстазымыз, басшымыз Нұрлыбек аға ойда-жоқта мезгілсіз дүние салды.

Осындай жағдайда факультеттің қалыптасқан өзіндік дәстүрі мен ерекшеліктерін одан әрі жалғастырып алып кететін басшы қажет екені айқын көріне бастады. Сөйтіп, институт басшылары мен кеңес мүшелерінің қолдауы арқылы Алтынбек Ерназарұлы 1984 жылы маусым айында факультет деканы болып сайланды.

Басшылық қызметке кіріскен күннен бастап Алтынбек Ерназарұлы Нұрекен салып кеткен сара жолды жалғастырып, алдымен факультеттің материалдық-техникалық базасын одан әрі жетілдіруге күш салды. Кафедра менгерушілері мен оқытушыларды ұйымдастыра отырып жаңадан бірнеше кабинеттер мен зертханалардың ашылуына, олардың жаңа құралдармен жабдықталуына бар жағдайды жасады.

Ол ұжымдағы жас кадрлардың біліктілігін арттыруға, ғылыми ізденістер жасауына аса зор көңіл бөлді. Нұрлыбек ағайдың тұсында астаналық профессорларға шәкірт болып, ізденіп жүрген Т.Тебегенов, Б.Кәрібозұлы, Ұ.Жанбершіева, С.Тайманова, З.Ерназарова (осылардың қатарында мен де бармын) тәрізді жас мамандардың ғылыми жұмыстарын тезірек орындап, кандидаттық диссертацияларын мерзімінде қорғап шығуына мүмкіндік туғызды. Сондай-ақ институтты, оның ішінде өз факультетімізді үздік бітірген Б.Сайлыбаев, М.Жайлауова, Ұ.Бүрісов, Т.Медетбаев, М.Қойшыбаев сияқты жастарды әр кезеңде жұмысқа шақырып, оларды біліктілігін арттыру, ғылыми тақырыптар алып ізденіс жасауы үшін Мәскеуге, Алматыға жіберіп отырды. Жоғарыда аталған азаматтардың барлығы дерлік қазіргі уақытқа дейін өз мамандықтары бойынша кандидаттық, докторлық диссертацияларын қорғап, еліміздің жоғары оқу орындарында қызмет етіп жүр. Әсіресе, кезінде өзінен қолдау тауып, кейін ғылым докторлары дәрежесін иеленген азаматтарды (Т.Тебегенов, Б.Кәрібозұлы, З.Ерназарова, Қ.Есенова, Б.Сайлыбаев, А.Әбсадықов, мен де бармын) Алтынбек ағамыз кез келген кездесуде әлі күнге мақтанышпен айтып отырады. Жақында ғана бір кездескенімізде педагогика ғылымының докторы, профессор Б.Сайлыбаевтың өмірден ерте кеткенін қабырғасы қайыса отырып еске алып еді. Енді, міне, көп шәкіртінің бірі ғана емес, бірегейі болып ғылым әлеміне танылған, біраздан бері Алматыдағы Абай атындағы педагогикалық университетте профессоры қызметіндегі, филология ғылымының докторы Т.Тебегеновтің де өмірден өткенін есіттім.

Бұл хабардың да ағамызға оңай тимегенін бағамдаймыз.

Алтынбек Ерназарұлы факультетті 14 жыл басқарып, 1998 жылы факультеттің «Музыка» факультетімен біріктірілуіне байланысты «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» кафедрасының меңгерушісі қызметіне ауысты. Осы қызметті зейнет жасына дейін атқарған ағамыз, одан соң да кафедраның доценті қызметінде әлі күнге жұмыстан қалған емес. Мамандықты сүйюді, оны адалдықпен атқара жүріп, ұжымның да, шәкірттердің де сүйіспеншілігіне бөленудің шын үлгісі осындай-ақ болар.

Жоғары білікті мамандар даярлауда ғылыми-теориялық, әдістемелік жағынан терең мағыналы дәрістері мен зертханалық жұмыстары арқылы шәкірттерінің мақтанышына айналған ұстаз-ғалым – 100-ден аса мақала, 1 электрондық оқулық, 12 әдістемелік оқу құрал, 1 монография мен өмірбаяндық деректі кітаптың авторы.

Еткен ерен еңбек еш уақытта елеусіз қалған емес. Көп жылғы ұстаздық және ғылыми-педагогикалық еңбегі үшін Алтынбек Ерназарұлы Білім министрлігінің Құрмет грамоталармен, «Қазақ ССР-нің халыққа білім беру ісінің үздігі», «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері» атақтарымен, Елбасының «Алғыс хаттарымен», «Қорқыт ата атындағы мемлекеттік университеттің 80 жылдығы» ескерткіш медалымен, Қорқыт ата атындағы «Алтын медалымен», «Сырдария ауданының құрметті азаматы» атағымен, Қызылорда облысы әкімінің «Құрмет грамотасымен» марапатталған.

– Өрине, еңбектің бағасына қарай уақытылы марапаттаулардың болғаны да дұрыс шығар. Ол адамды еңбекке бұрынғыдан да құлшындыра түседі. Алайда, кез келген марапат халықтың алғысы мен құрметінен артық болма аймайды. Сол халықтың ішінде бірге қызметтес болған ұжым мүшелері, алдыңнан білім алып шығып, еліміздің түкпір-түкпірінде қызмет атқарып жүрген бұрынғы шәкірттер және қазіргі алдында оқып жатқан шәкірттер бар. Мен үшін ең қымбат марапат осылардың жүрекжарды тілектері мен алғысұз ризашылық сөздері, – дейді ағамыз.

«Әке көрген ок жонар...» дегендей, Ерназар ақсақал сияқты өнегелі, өрелі әкеден, тәрбиелі де көргенді ағадан үлгі алған Алтекеңнің өзі де өнегелі отағасы ретінде Тәжікұл Сағанбаева жеңгеміз екеуі екі ұл, екі қыз тәрбиелеп өсірді. Бірақ, Алланың ісіне не шара, Тәжікұл жеңгеміз артына алпысты алқымдаған ағамызды тастап, өмірден ертерек өтіп кетті. Адалдықтың символындай болған, үнемі күліп жүретін, ақжарқын жеңгеміздің қолынан талай дәм татқан біздей іні-қарындастары қатты қайғырдық. Ал Алтекең үшін өмірлік жарынан айырылу, балаларының анасыз қалуы – бұл нағыз өшпес өкініш, орны толмас ауыр қайғы еді. Мұндай еңсені езген батпан қайғыны, Алланың мезгілсіз берген сынағын, көтере білу де ердің ерінің қолынан келер. Ағамыздың қолынан келді, көтере білді.

Бір қайғының бір қуанышы да болатынын ая-бабаларымыз айтып кеткен ғой. Алтекеңнің бақытына Мейрамқұл деген асыл әйел жоқтығы, жоқтығы да жар болуға келісті. Бүгінгі күні ағамыздың сексенге жаңылмай жетуіне, Тәжікұл жеңгемізден қалған балаларды жеткізіп, солардан көрген немерелерді тәрбиелеп өсіруге бар күшін салып, ақ әже атанып отырған осы жеңгеміз. Мейрамқұл жеңгей, сізге денсаулық тілей отырып, Алтекеңді кем дегенде 100-ге жеткізеді деген үмітімізді ақтайды деп сенгіміз келеді.

Әрдайым жүзіңіз жарқын, аман жүріңіз, аға!

**Жеңіс СӘДУАҚАСҰЛЫ,**  
**филология ғылымының докторы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің құрметті профессоры, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері**

# Сыйласарлық тектінің кім танымас нұсқасын

Жалған дүние. Бабаларымыз жалт етіп өте шығар тұмырдың өлшеулі екенін осы бір-ақ ауыз сөзге сыйғызып кетіпті. Осы сөздің салмағын ұқтырып, өткен шақпен естелік жазғызып, аймаққа белгілі ардақты азамат Ақжігіт Базархан Төрекұлұлының бұл пәніден озғанына да бір жылдың жүзі болыпты.

«Жақсы болсаң, жарықты кім көрмейді» дейді хакім Абай. Жақсы адам айналасындағыларға көленкесін емес, сәулесін түсіреді. Қаржы-салық саласының үздігі, Базекенде жанының жарығы мол, көңілі кіршіксіз, манайына қамқор, азаматтығы ерекше жан еді.

Көзден кетсе де көңілден кетпейтін, қимас жанның өмір дерегіне тоқталсақ. Ол 1960 жылы Қазалы ауданында дүниеге келген. Ауылдағы орта мектепті ойдағыдай аяқтаған бозбала арман қуып Алматыдағы Халық шаруашылығы институтына оқуға түсіп, оны қаржы мамандығы бойынша бітіріп, 1982 жылы облыстық Қаржы басқармасында экономист болып еңбек жолын бастайды. 1987-1990 жылдар аралығында Қазалы аудандық Қаржы бөлімінде әртүрлі қызметтер атқарып, 1990 жылы осы ауданда Мемлекеттік салық инспекциясының басшысы болып тағайындалады. 1997 жылдан 2004 жылға дейін Қызылорда облысы бойынша Салық ко-



митетінің басшы орынбасары, 2004 жылы Жанақорған ауданы бойынша Салық комитетінің төрағасы, 2005-2014 жылдар аралығында облыстық Салық комитетінде басқарма басшысы, құрылымдық өзгерістерден кейін облыс бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінде өмірінің соңғы жылына дейін басқарма басшысы қызметін атқарды.

Базархан ағамыздың еселі еңбегі жоғары бағаланып, ҚР Президентінің Құрмет грамотасымен, «Салық қызметінің үздігі», «Үздік мемлекеттік қызметші» төсбелгілерімен, мерекелік медальдармен марапатталған.

Сыр өңіріне келіп, Базекенде бірге елге қызмет жаса-

ғанымда қалтқысыз қызметімен, өз ісіне берілген адалдығымен жұртшылықтың ыстық ықыласына бөленіп үлгерген біртуар азамат екендігін көзімізмен көріп, қоғам алдындағы қызметіне куә болдым.

Ағамыздың өлке дамуына қосқан үлесі, адамгершілігі, өз ісіне адалдығы мемлекеттік наградаға ұсынуына негіз болды. Сөйтіп, 2019 жылдың желтоқсан айында ҚР Президентінің Жарлығымен мемлекеттік награда – «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталып, сол кездегі Премьер-министрдің бірінші орынбасары – Қаржы министрі Әлихан Асханұлы Смайылов өз қолымен табыс етті.

Базекен үлгілі әке, мейірімі мол отағасы болды. Ұрпағының қызық-қуанышына марқайтып, еңбегінің жемісін көретін жасқа енді жеткенде ажал арамыздан мезгілсіз алып кетті. Бірге еңбек еткен, замандас болған, жақын араласқан, танып-білген жандардың көңіл төрінде, жүрек түкпірінде Базархан Төрекұлұлының жарқын бейнесі ұзақ сақталады.

Базекеннің тау тұлғасы күн өткен сайын әріптестері арасында биіктей бермек.

**Ғ.ОРЫНОВ,**  
**Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы**

## Кісілік келбет

Өлім түгілі өкпеге қимайтын әріптес, бауыр, аға, есіл дос жайлы ендігі жерде естелік айтамыз деп кім ойлаған?

Айналасындағы үлкенді де, кішіні де сүйкімді қарым-қатынасымен баурап алып, жарасымды әңгімесімен жанына жақын тартатын, керек болса көмек қолын созатын Базекен, Базархан Төрекұлұлы Сыр еліне келінен танымал азамат еді. Аз уақыт қызметтес болсам да ол кісінің осы кішіпейілділігі, көрегендігі арқасында аға ретінде өте жақын тартатынымын.

Базекеннің орынды да уақытылы айтатын әзіл-қалжыңдары да жараса кететін. Ойын-тойда да, ара-тұра дастарханда да әңгімеміз жарасымды болатын.

Үлкенге іні, кішіге аға болып, ізет-құрметін көрсетуден жалықпаған Базархан ағамыз төрге шықса төбедей, төбеге шықса төредей, жақын мен

алысты бірдей тең көрген. Жаны жайсаң ағамыздың арамызда жоқ екеніне сену қиынның да қиыны екен.

Тұтқиылдан келген дерт әріптесімізді ортамыздан алып кетті. «Кешегі күннен жүйрік жоқ» деген осы да. Ағамыздың «жағасы жоқ, жеңі жоқ» көйлек кигеніне, «есігі жоқ, төрі жоқ» мәңгілік үйіне енгеніне де бір жыл болыпты.

Артында қалған Шолпан жеңгемізге, балаларына шүкірлік етейік, сабыр сақтайық, болған іске бағаттай болындар дегіміз келеді.

**М.ҚОЖАНБАЙ,**  
**Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің кәсіподақ ұйымының төрағасы**

## Жақсының аты өшпейді

Дана халқымыздың көрегендікпен атқан осы бір ұлағаты сөзі қай кезең, қандай дәуірде өзінің мәні мен мағынасын жоғалтқан емес.

Базекеннің қоғам үшін адал қызмет атқарғанына, біртуар азамат екендігін көзімізбен көрдік. Жылы жүзді, қарапайым, жұмысқа қабылданған жас мамандардың еңбек жолын бастауына, тәжірибе жинақтауына үнемі жол көрсетіп, бағыт-бағдар беруден, өзінің білгенін үйретуден еш жалыққан емес. «Салықтың түрін де, есептеуін де

айналысып отырған өздеріңнен басқа артық ешкім білмейді» деп, біздерді жігерлендіріп отыратын.

Ұжымды басқару әдісі де ерекше еді. Қарамағындағы қызметкерлерге жөнсіз айқайлап дауыс көтермейтін. Жұмысқа жағымды дауысымен, әзіл араластырып, күлдіріп отырып айтқанда, сол жұмысты істемегеніне өзін іштей ұялып тұратынсың.

Шешімі табылмаған мәселелерде, үнемі жол тауып шығатын. Әр тапсырманы аса ұқыпты, асқан жауапкершілікпен орындауды, талап қоя білуді үйретті. Ол кі-

сінің бойынан шексіз қуат, мейірім мен даналық төгіліп тұратын.

Жұмыс істеп отырғанда қай жақтан қалай келгенін білмей қалатынбыз. Жүргенде аяғының дыбысын шығармай, жылдам жүріп, өзінің сыпайы әзіл сөздерімен бәріміздің көңілімізді көтеретін.

Базекен, әлі де ортамызда жүрген сияқты.

**К.СТАМБЕКОВА,**  
**ірі салық төлеушілермен жұмыс басқармасының басшысы**

## Ақылшы ұстазым еді

Базархан Төрекұлұлымен 1999 жылы Қармақшы ауданы бойынша Салық комитетіне келген күннен бастап танысып.

Базархан ағамыз өте сабырлы, әр адамның ойын, денгейін, білімін тез ұғынып алатын, ойын сыпайы жеткізетін, терең ойлы, білімді кісі еді.

Біздер, Сыр өңірінің аудандық Мемлекеттік кірістер басқармаларының басшылары әр тоқсан сайын облыста болатын алқа мәжілісінің алдында Базекен ағамыздың кабинетіне жиналып, амандық-саулық сұрасып, мәжілістің бағыт-бағдары қалай жүргізілетінін сұрап, ақылдасып тұратынбыз.

Базекен де өзінің тарапынан бар ақылын айтып, кейбір аудан басшыларына сынды дұрыс қабылдау керектігін және оны жоюдың тәсілдерімен қатар алдын алу бағыттарын жете түсіндіріп беретін.

Базекеннің әзіл әңгімелері бүгінгі күнге дейін елдің аузында жүр. Сондай әңгімелерінің бірі, салық салымдағы патент режиміне байланысты болатын. Өздеріңізге белгілі, патент режимімен қызмет атқаратын кәсіпкер жалдамалы жұмыс қызметін пайдалана алмайды, тек бір ғана сауда немесе

қызмет көрсету объектісінде қызмет атқаралы. Бірде бір кісіге осы режимді түсіндіріп, жалдамалы жұмысты еңбегін пайдалана алмайсыз деп жатса, ол кісі «менің 2 сауда дүкенім бар, патент режимімен жұмыс жасай берсем болмай ма?» деп қайта сұрақ қойды. Ал, Базекен сабырлы қалпымен, «Сіз сонда 2 сауда дүкенінде «талтайып» тұрып жұмыс істейсіз бе?» - деп қарсы сұрақ қойып, елдің ішек-сілесін қатырған. Сол сияқты, ағамыздың ел аузындағы әзіл-қалжыңдарын әлі күнге дейін қызмет атқару барысында қалжыңдап айтатын кездеріміз бар.

Өкінішке қарай, Базархан ағамыздың өмірден мезгілсіз озуы барлығымызға ауыр тиді. Қайғы еңсемізді езіп, жанымызды жабырқатқанмен ол кісінің есімін ұмытпауымыз керек, ісін жалғастыруымыз керек деген ойымн серпілдік.

Өнегеніз ұмытылмайды, ақылшы ұстаз!

**Данияр КОСБЕРГЕНОВ,**  
**Қармақшы ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы**

### БРИФИНГ

# Судағы қауіпсіздік сақталуы тиіс

Жыл басынан бері облыс аумағындағы су айдындарында 2 жағдай тіркелді. Өткен жылы 49 адам қайғылы жағдайға ұшырап, 16 адам құтқарылды. Төтенше жағдай департаментінің қызметкерлері суға түсу маусымына орай қауіпсіздік шараларына қатысты бақылауды күшейтті. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметі ұйымдастырған көшпелі брифингте облыстық ГЖД басшысының орынбасары Санд Молдақарев айтты.

– Шомылу маусымы кезінде қауіпсіздікті сақтау үшін жедел құтқару жасағының күштері мен техникалары күн сайын дайындық жүргізуде. Тұрғындар қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін полиция департаментімен бірлесіп рейдтік іс-шаралар ұйымдастырылып келеді, – деді ол.

Суда адамдардың қайғылы жағдайға ұшырауының себебі қауіпсіздік ережелерін дұрыс сақтамауынан. Осыған орай департамент қызметкерлері Сыр-

дария өзені жағалауы және қала, аудан аумағындағы су айдындарында тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жауапты сала мамандарын тартып, белгіленген кестеге сәйкес рейдтік іс-шаралар ұйымдастырып келеді.

Өткен жылы ҚР ӘҚБ туралы кодексінің 364-бабы бойынша 92 азаматқа ескерту беріліп, жоғарыда аталған кодекстің 440-бабы бойынша 1 адамға әкімшілік шара көрілді. Ал биыл су айдындарында, балық



аулайтын орындарда 210 рейд өткізіліп, 13 мыңға жуық азаматқа қауіпсіздік шаралары түсіндірілді. Қазір облыс аумағында суға шомылуға рұқсат етілген 2 жеке жағажай іске қосылды. Алдағы уақытта жасөспірімдерге арналған лагерь жұмысын бастайды.

**«СБ» ақпарат**





## Ерге елдің ықыласы

Құттықтау хатта: «Оқыс оқиғаның алдын алып, 3 жасар бүлдіршінді аман сақтап қалуы нағыз батырлық пен батыллықтың шынайы үлгісі. Сәбиттің бұл әрекеті Сыр жұртшылығының ғана емес еліміздің барлық азаматтарының жүрегін әсер етті.

Осындай ержүрек, елжанды ұл өсіріп, тәлім-тәрбие бергендеріңізге алғысымды жеткіземін», – делінген.

Бүгінгінің батырына айналған Сәбит Шонтақбаевтың туған ауылы ержүрек ердің ісін мақтан етуде. Қарапайым отбасынан шыққан азаматтың атанасы көптің алғысын естіп, перзентімен маркаюда. Отбасындағы бес баланың ішінде Сәбит – Ғабиттің сынары. Қара шаңырақтан бөлек шығып, қалаға кеткен. Алайда 14 жыл жалдамалы пәтерде тұрып келген.

– Баламның қолы ашық, жүрегі кең. Оған «басында баспанаң, өзінде тұрақты жұмыс жоқ. Бұл қалай болғаны?» дейтінмін. Сон-



да ол: «Уайымдамаңыз, маған Кұдай терезеден береді» деп көп айтатын. Расымен солай болды. Жаксы сөз, жарым ырыс емес пе? Тілеуі қабыл болды, – дейді анасы Гүлбаршын.

Ата-анасы – қарапайым ауыл адамдары, зейнеткерлер. Әкесі Серік Шонтақбаев көлік апатынан аяғынан ауыр жарақат алған. Елдің ыстық ықыласына бөленген ол үлкен толқыныста жүргенін айтады.

– Желіде тараған түсірілімді көргенде жүрегіміз дүрсіл қағып, тебіреніп кеттік. Әрі-беріден соң көзімізден жас та шығып кетті, – дейді әкесі.

Ауылдағы ағайын да Сәбит пен Сағидың әрекетін мақтан етуде. «Абай-Дәулет» ЖШС мен «Наман ата» қоры Шонтақбаевтар әулетіне барып, ата-анасына батыр ұл тәрбиелеп өсіргені үшін 1 миллион теңге табыстады.

Сәбиттің жары Әйгерім бала күтіміне байланысты үйде. Оның айтуынша, өзі анасын қалай сыйласа, балаларына да соны үлгі етеді. «Әрдайым бір-біріне қамқор, бауырмал болындар» деп жиі айтады екен.

Сәбиттің жанындағы сыныптас досы Сағи Жылқышиев те ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің төсбелгісімен марапаттады. Марапаттау рәсімі кеше Нұр-Сұлтан қалалық Төтенше жағдайлар департаментінде өтті. Сағи Жылқышиев балдырғанды құтқарған Сәбит Шонтақбаевқа көмек көрсеткен. Сонымен бірге елордадан «GBV» құрылыс компаниясынан екі бөлмелі пәтердің сертификатын табыстады.

Адамдық болмыстың айқын дәлелін бүкіл әлемге көрсете алған жігіттің ерлігі көпке үлгі. Әлемді меірімділік құтқаратынын адамзат баласы тағы бір сезініп жатқандай көрінеді.

**А.САҒАТБЕКҚЫЗЫ**



**Балалар Жылы**  
2022

Қызылорда қаласындағы «Нұрсәт» теннис орталығында шахматтан бес жас

ерекшелігі бойынша ұлдар мен қыздар арасында республикалық фестиваль өткізілді. Оған қоса жас ерекшелігіне қарамастан тағы бір сайыс ұйымдастырылды. Нәтижесінде аталған фестивалде 5 және 70 жас аралығындағы қатысушылар бақ сынады.

## Жас шахматшылар сайысы



Олардың арасында алты жасқа дейінгілер қатарынан Аралдан келген Жансұлтан Әбсадық пен Айзере Мейірханқызы жеңімпаз атанды. Ал 12 жасқа дейінгілер арасында тағы бір аралдық Кеусар Әли жеңіс тұғырынан көрінді.

Турнирге «KazPetro Group» ЖШС демеушілік көрсетті. Жарыс биылғы «Балалар жылы» аясында өтіп

отыр. Турнир барысында 250-ден астам қатысушы бақ сынады.

Фестивальдің жабылу салтанатында жеңімпаздар мен жүлдегерлерге диплом және ақшалай сыйлықтар табыс етілді. Аталған іс-шараға шахматтан 18 жасқа дейінгі Әлем чемпионында блиц түрінен жеңімпаз атанған Әсел Серікбай мен Назерке Нұрғали қатысты.

**«СБ» ақпарат**

### Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Косбергенов Мурат Каирбекович (лицензия №14002321, 24.02.2014 ж.) 2022 жылдың 20 қаңтарында қайтыс болған азамат Молдабеков Серік Жолмановичтің атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Көшербаев көшесі 203, тел.: 8 778 235 08 08, 8 777 067 92 37.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: **70-00-52** телефоны арқылы байланысуға болады.

**E-mail: smjarnama@mail.ru**

## 8 мыңға жуық түлектің үміті сыналатын сәт

Ал, 11-сынып емтихан материалдары ҚР Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім беру комитетінен 21 мамырға дейін басқармаларға жолданып, әрі қарай білім беру мекемелеріне жеткізіледі. Бітіруші түлектер үшін алгебра және анализ бастамаларынан жазбаша емтихан 27 мамыр күні жүргізілсе, қазақ және орыс тілі бойынша жазбаша емтихан 30 мамыр күні өтеді. Ал, 2 маусым күні Қазақстан тарихынан ауызша емтихан өтсе, орыс тілінде оқытатын мектептер мен сыныптарда казак тілі және әдебиетінен және казак тілінде оқытатын мектептер мен сыныптарда орыс тілі және әдебиетінен жазбаша емтихан 7 маусымда өткізіледі. Тандау пәні бойынша жазбаша емтихан 10 маусымға жоспарланды. Биылғы

**1-бет**

жылғы өзгеріс: 11-сыныптарға Қазақстан тарихы пәнінен емтихан ауызша болады. Барлығы 30 билет беріледі, әр билетте 3 сұрақтан, оқушылар ауызша жауап береді. Жоғары балл – 30. «Соңғы қоңырау» мерекесі 25 мамыр, «Аттестат тапсыру» рәсімі 16-17 маусым күндеріне белгіленген.

2021-2022 оқу жылында 8 мыңға жуық оқушы мектеп бітіреді. 14 мамырға дейін Ұлттық бірыңғай тестке өтініш жасау электронды форматта қабылданады. Биылғы оқу жылында 7508 оқушы ҰБТ-ға қатысады деп күтілуде. Басқарма басшысы атап өткендей, бүгінде ҰБТ және барлық деңгейдегі олимпиадалар электронды форматқа көшірілген. Мұның ең басты артықшылығы – барлық процестің ашықтығы мен

азаматтарға қолайлы жағдай жасалған.

– ҰБТ-ға өтініш қабылдау 28 сәуір мен 14 мамыр аралығында app.testcenter.kz сайтында жүргізілуде. Сондай-ақ, биыл ҰБТ тапсырушы түлектерге тест тапсыруға және грантка түсуге екі мүмкіндік беріледі, яғни, тек бір бейіндік пәндер комбинациясын таңдай алады. Пәндердің санында өзгеріс жоқ. Ең жоғарғы ұпай саны – 140 балл. Ал, ерекше білім беруді қажет ететін талапкерлерге қолайлы жағдай жасау үшін алғаш рет негізгі 240 минутқа қосымша тағы 40 минут берілді. Сонымен бірге, олар үшін тест нұсқалары суреттерсіз, диаграммаларсыз және сызбаларсыз әзірленген.

ҰБТ кезінде компьютер экранында калькулятор, Менделеев кестесі және басқа да

қажетті құралдар қолжетімді болады. Егер үміткерлер емтихан нәтижесімен келіспеген жағдайда тестілеу аяқталғаннан кейін 30 минут ішінде апелляцияға өтініш бере алады, – деді А.Қасымов.

Биыл облыс бойынша 292 оқушы «Алтын белгіге» үміткер. Оның 99-ы Қызылорда қаласы мен облыстық мектептерден болса, қалған 193-і аудандардағы үміткер түлектер. «Алтын белгіге» үміткер оқушылардың Назарбаев Зияткерлік мектебі базасында алгебра және анализ бастамалары пәнінен тапсыратын мемлекеттік емтиханы келесі, яғни, 2022-2023 оқу жылына ауыстырылды. Бұл орайда биыл мектеп бітірушілер емтиханды өз мектебінде тапсырады. ҰБТ қорытындысы бойынша «Алтын белгіні» берудің объективтілігі бағаланады.

## Тәртіп пен тазалықтың тіні бір

Біздің аймақ басшылығы тазалық мекемесін жеке қолға бермеуге күш салды. Облыс әкімі Н.Нәлібаев бұл мәселеге әр кезде де қолдау білдіріп келеді. Өйткені, қаланы таза ұстау үшін көптеген техника қуаты қажет. Ал, жеке мекемелер ондай техникаларды сатып алып, тұрақты түрде жұмыс жүргізе ала ма?

Мекемелердің қосылуы жұмыс жүру үшін тиімді. Бұрын «Қызылорда тазалығы», «Тұрғын үй Қызылорда», «Тұңғыш Президент паркі» мекемелеріне қосылған еді. Енді тазалық мекемесі су жүйесіне біріктірілді. Мекемелер қосылғанмен олар өз міндетін атқара береді. Дегенмен, бұл алдымен техника паркін жанаулауға себп болады. Сондай-ақ, біз суға тұтыну акысын төлейтін абоненттерді пайдалана алатын болдық. Суға акы төлеу кезінде олардың ойына қоясықа да акы төлеу керектігі түседі немесе әр үйге акы төлеу керектігі жөнінде ескертпе барғанда олардың қысық шығару туралы да ескертпе қоса барды. Өйткені, көптеген тұрғындар суды пайдаланғаны сияқты қысымнан тазаруға да қызмет пайдаланып отырып жатса деп ойламайды. Оны келісім-шартқа отыруға немқұрайды қарағанынан білуге болады.

Жеке тұлғалардың жария шарттың негізінде орталықтандырылған жүйені пайдалануға және жергілікті өкілді орган бекіткен тарифтерге сәйкес қалдықтарды тасымалдағаны үшін көрсетілетін қызметтерге акы төлеуге міндетті екені ҚР Экологиялық кодекстің нақты көрсетілген.

Жасыратыны жоқ, осы кезде кей кісілер қысық шығару

қызметіне де акы төлеуім керек екен ғой дегенді түсінді. Міне, біздің мекеменің су жүйесіне қосылуында тиімділігінің бірі – осы.

Жақында өткен облыстық мәслихат сессиясында тазалық мекемесіне алдағы уақытта 14 жаңа техника алу үшін қаражат қаралды. Бұл біздің жұмысымыздың жауапкершілігін де, тиімділігін де арттыра түседі.

– **Ақы төлеу керек екені есіне түсті демекші, кейбір тұрғындардың тазалық мекемесі қысық қалдықтарын тасымалдағаны үшін бюджеттен ақша алады, оған біз неге акы төлейміз дейтін сөзіне түсіндірсе бере кетсеңіз...**

– Дұрыс айтасыз, сондай пікір бар. Ол – түсінбейшіліктен туған пікір. Санитарлық тазалық деген бар, тұрмыс қалдықтарын жинау қызметі бар. Екеуімен де тазалық мекемесі, нақтырақ айтқанда қазіргі «Қызылорда су жүйесі» мекемесі айналысады. Санитарлық тазалық – көше бойын таза ұстау, талдарды ақтау, балақтау, жолға су себу, гүлзарларды күту, қыста қар күреу, кездейсоқ тасталған қысықты тез жинап алу, т.б. ал, тұрмыс қалдықтары әркімнің үйінен шығады. Мәселен, қонақ шақырды дейік, қанша қалдық шығарады. Енді осыны тегін жинап ал деуді заңды айтпағанда, адамдыққа да томпақ емес пе?

– **Бұрын көшелерде қысық жәшіктері тұратын. Қазіргі келісім-шарт әр үй өз қысықын белгілі бір күні ғана көше жиегіне қою керек деген талап қойыпты. Осы туралы ашып айтқаныңызшы...**

– Мұндай тәжірибе Шымкент, Түркістанда бар. Әр тұрғын



тазалық мекемесімен келісім-шартқа отырып, белгіленген күні тұрмыс қалдықтарын қапшыққа салып, көше жиегіне қояды да, сол мезетте арнайы техника оны жинап әкетеңі. Егер тұрғындар белгіленген уақыттан бастап уақытта қалдық шығарса, оларға ескерту жасалып, сосын айыппұл салынады. Наурыз айынан бастап біз де осы тәсілге көштік. Бұл тәсіл өзіміздің «Ақсуат» ауылдық округінде, «Наурызда», Тасбөгетте жақсы нәтиже көрсетті. Тұрғындар дағдыланды. Ал, қала іші әзір бұған үйренбей отыр. Олар кез келген кезде қысық көше бойына қойып кете береді. Мұның негізгі себептерінің бірі көп үйлер келісім-шартқа отырмайды. Біз білмедік дейді. Осы мәселені теларнада да, әлеуметтік желіде де, баспасөзде де айтып келеміз. Кейбір жеке үйлер біздің басқа жеке тазалық мекемелерімен келісім-шартымыз бар дейді. Ондай мекемелердің бары рас. Олар тұрғындарға қоятын бағасы арзан. Көбіне мейрам-

хана, дәмхана секілді көпшілік орындарымен жұмыс жасайды. Жоғарыдағылардың тазалықты бәсекелестік ортаға жатқызып жүргені де сол. Бірақ, олар қысықты арнайы полигонға апармай, қала сыртына, көзден тасалап төгіп кетеді. Бәрі болмаса да, кейбірі сөйтеді. Мәселен, өткен жылдары қала қысықын тастайтын жаңа полигон ашылды. Олар қысықты өлшеп қабылдайды, қысық қалдықын айырып, өңдеп отырады. 2020 жылы осы полигонға 65 мың тонна қысық төгілген, ал, өткен жылы бұл көрсеткіш 20 мың тоннаға азайған. Сонда қысық қайда кетіп жатыр?

Табиғи ресурстарды пайдалану басқармасы әуеден суретке түсіру арқылы Қызылорданың елу шақырымдық шеңберінде 88, қала ішінде 8 қысық төгілген заңсыз орын барын анықтаған.

Енді қысық жәшіктері керек пе дегенге келейін. Қала іші толық жабылған тұрғын үйлер аймағы және жеке сектор аймағы болып бөлінеді, яғни, көпқабатты үйлерде тұратындар

бар, жер үйлерде тұратындар бар. Оларға қойылатын талаптар да бар. 2007 жылғы кодексі бойынша көпқабатты үй тұрғындары жыл бойы адам басына 1,3 куб, жеке сектордағылар 1,8 куб қысық шығарады деп есептелген. Қазір бұл шек өсті, демек, тазалық мәселесі де күшейді. Көпқабатты үй тұрғындары қысық жәшіктерін әлі де пайдалана береді. Бірақ, қысықты сол жәшікке жан-жақтан көлікпен әкеліп тастап кететіндер де бар. Біз тұрғындарға қойылатын талаптарды, міндетті түрде тазалықпен келісім-шартқа отыру керектігі туралы ұчаскелік полицияларға да беріп қойғанбыз. Бірақ, олар әлгідей қысықтарын үйінен шығарып көпқабатты үйлердің ауласындағы жәшікке тастап кететіндерге айыппұл салмай отыр. Себебін сұрасақ, далаға шашқан қол, жәшікке тастады ғой дейді. Қысық жәшіктеріндегі тұрмыс қалдықтары кездейсоқ кісілердің кесірінен шектен тыс көбейіп кетіп, далаға шығылып жатқаны оларды ойланту керек. Ондай адамдардың көбінде тазалық мекемесімен келісім-шарты болмай шығады. Өздері біз машинамызбен полигонға апарып тастаймыз деп уәж айтады. Бірақ, полигонмен арадағы келісімі де жоқ. Демек, олар не көпқабатты үй ауаларына, не жоғарыда айтқан белгіленбеген полигондарға тастап жүр.

– **Жеке сектордағы тұрғындар жәшік алып, аптасына бір, белгіленген күні емес, қысықын жинап екі-үш аптада бір тастап тұрса болатын шығар?**

– Болады. Бұл үшін олар қысық жәшігін, яғни, контейнер сатып алады. Оны өз үйінің ауласына қояды. Тазалық

мекемесімен бөлек келісім-шартқа отырады. Соған сай қысық төлемін ай сайын емес, өзі шығарған кезде ғана белгіленген сомамен төлейді. Оның нақты бағасы 1609 теңге. Контейнері толған соң, тазалық мекемесіне телефон шалады, мекеме оларға арнайы контейнер тиейтін техника жібереді.

– **Әлгіде тәртіпке Тасбөгет пен «Наурыз» ауданы үйінен қалды деліңіз. Басқа жұртты қалай үйретуге болады?**

– Негізгі коммуналдық қызмет мекемелері зиянмен жұмыс істейді. «Тазалық» мекемесі де солай. Ол пайда тауып жатқан өндіріс емес. Сондықтан әркім оның қызметіне тиісті ақшасын төлеп отыруы тиіс. Бір мысал, осы кезде тұрғындар өзі пайдаланған суға 600 миллион теңге ақшасын төлемей отыр.

«Тазалық» мекемесі бір айда техникалардың жанар-жағармайы үшін 22 млн теңге шығындайды. Контейнер жүйесінен шығу осы шығынды азайтуға да септігін тигізеді. Егер шығынды азайту жолы болса, неге халық қаражатын қос ұястап жұмсауымыз керек?

Алдымен, сана тазаруы керек. Есітіңіз алды аяқ алып жүргізіс болып жатып, қала тазалығына сын айтатындар да көп. Бұл сөзге өкпелеудің, тазарудың орнына сазарудың қажеті жоқ. Алдымен, өз айна-ламызды таза ұстасақ, барлық жер таза болады. Бұл – аксиома. Ол үшін тәртіпке бағыну керек. «Тәртіпке бағынған құл болмайды» деген Бауыржан атамның сөзін тосқауылға салып жүрсек, артық емес. Себебі, әрбіріміздің алға сүйрейтін, жақсы, таза, тамаша өмірге алып баратын – тәртіп.